



Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№14 (818) Сәрсенбі 5 сәуір 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫНА ТІЛЕКТЕСТІК БЫЛДІРДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев актив отырысында ҚР Парламенті Мәжілісіне депутат болып сайланған Мархабат Жайымбетов пен Мұрат Ерғешбаевты жана қызметтерімен құттықтап, аймақ дамуына қосқан зор үлестерін атап өтіп, алғыс білдірді.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен еліміз үшін аса маңызды саяси реформалар жүзеге асуда. Бір жылға жуық уақыт ішінде бес саяси науқан өтті. Кешегі саяси науқанда сайлау жүйесіндегі ерекшеліктерге сәйкес көппартиялықты дамытуға, еліміздің қоғамдық-саяси өміріне азаматтардың қатысу аясын кеңейтуге басымдық берілді. Сыр жұртшылығы елдігімізді, тату тірлігімізді, береке-бірлігімізді тағы да дәлелдеп, республика бойынша жоғары көрсеткішке қол жеткізді.

Дана халқымызда «Береке бастауы - бірлік, ел іші тату тірлік» деген жақсы сөз бар. Мархабат Жайымбетұлы мен Мұрат Нәлқожаұлы Мәжіліс мінберінен облысымыздың күрмеулі мәселелерін көтеріп, шешім табуына зор үлес қосады деп сенім білдіреміз. Алдағы қызметтеріңізге абырой тілейміз, ел сенімін ақтай беріңіздер, – деді облыс әкімі.

Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қос-

қан ерекше үлесі үшін Мархабат Жайымбетов пен Мұрат Ерғешбаев Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталды. Өз кезегінде жанадан сайланған депутаттар аймақ басшысына, өздерін қолдаған барша сыр-бойлықтарға алғыс білдірді. Өңір дамуына барынша жан-ашырлық танытып, атсалысатындарын айтты. Жанадан сайланған депутаттарға кезінде осы қызметті абыроймен атқарған ел ағалары Бакберген Досманбетов, Самұрат Имандосов және облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов игі тілек білдірді.

Еске салсақ, 19 наурыз күні ҚР Парламенті Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарын сайлау өтті. Саяси додада ел азаматтары халықтың сенім үдесінен шығып, сайлаушылардың басым дауысымен жеңіске жетті. Оның ішінде Қызылорда облысынан «AMANAT» партиясы ұсынған тізімге енген Жайымбетов Мархабат Жайымбетұлы, Ерғешбаев Мұрат Нәлқожаұлы, Әбенов Мұрат Әбдуламұлы және «Республика» партиясы тізіміндегі Қожаназаров Айдарбек Асанұлы Мәжіліс депутаты болып сайланды.

БИЫЛ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР 2 МИЛЛИОННАН АСА ОТБАСЫҒА БЕРІЛЕДІ

Үкімет отырысында Президенттің ҚР Парламенті сессиясының ашылуында берген тапсырмаларын іске асыру барысын талқылау кезінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушы Тамара Дүйсенова осы жылы әлеуметтік төлемдер аясында 2 миллионнан аса отбасыға 1,2 триллион теңге қаржы жұмсалатынын айтты.



«Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін министрлік мынадай бағыттарда жан-жақты жұмыс жүргізіп жатыр. Біріншіден, ана мен баланы әлеуметтік қолдау ескерілген. Биыл әлеуметтік төлемдер 2 миллионнан аса отбасыға беріледі, оған 1,2 триллион теңге қаржы жұмсалып», – деді Т.Дүйсенова.

Оның айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында билығы 1 қантардан бастап бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдерді төлеу кезеңі бір жылдан бір жарым жылға дейін ұзартылды.

Осы жылдың 1 тоқсанында оны алушылардың жалпы саны 435 мың адамнан асты.

Оның ішінде жұмыс істемейтін 93 мың ана жәрдемақыны республикалық бюджеттен, ал жұмыс істеген 343 мыңнан астам аламыз Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп жатыр.

«Мұндай төлемдерді биыл дүниеге келген және былтыр туған, бірақ жасы әлі 1-ге толмаған балалары бар 760 мың отбасы алады деп жоспарлап отырмыз. Бұл мақсатқа 334,5 миллиард теңге көзделген», – деді министрдің міндетін атқарушы.

«Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардағы 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған пакет быдан бастап ақшалай беріліп жатыр. Бүгінде осы санаттағы 114 мыңнан астам балаға 1,4 миллиард теңге әлеуметтік көмек берілді. Атаулы әлеуметтік көмекке қажет 74 миллиард теңге балаларға арналған ақшалай төлемдерді қоса есептегенде, өңірлерге жалпы сипаттағы трансферттермен берілді», – деді Т.Дүйсенова.

БАЛАНЫҢ ТЕРІС ІС-ӘРЕКЕТІНЕ БҮКІЛ ҚОҒАМ ЖАУАПТЫ

Қазалы және Арал аудандарында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі аудандық комиссияның кезектен тыс отырысы өтті.

Жиынға аудан әкімдері, Қызылорда облысы полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары полиция полковнигі Шамшадин Амитов, аудандық құқық қорғау органдарының басшылары, бөлім басшылары мен мектеп директорлары, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары және мектеп психологтары қатысты.

Отырыста ағымдағы жылы аудан көлемінде кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылық профилактикасы, олардың жыныстық қол сұғылаушылығына және жасөспірімдер арасында топтық төбелестер бойынша атқарылған жұмыстардың тиімділігі, сондай-ақ алдағы уақытта атқарылатын іс-шаралар талқыланды.

Полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары полиция полковнигі

Амитов Шамшадин баланың теріс іс-әрекетіне тек полиция немесе білім ұйымдары емес, аға-ана, бүкіл қоғам жауапты екендігін баса айтты.

Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен жанұялардың жағдайына тұрақты түрде мониторинг жүргізіп, атқарылатын іс шараларды жыл көлемінде жүйелі түрде жалғастыруды, білім беру ұйымдарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бейнекамералар орнату, жасөспірімдердің әлеуметтік желіге кіруіне шектеу қою мәселелерін қадағалауға алу жөнінде ескертті.

Жиын барысында тиісті сала мамандары баяндама жасап, күн тәртібіндегі мәселе бойынша атқарылатын іс – шаралардың ұйымдастырылу тиімділігін арттыру қажеттігін атап өтті.

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев Әйтеке би кентіндегі бірқатар құрылыс нысандарын аралады. Ең алдымен аудан басшысы 5 квартал аймағындағы 210 гектар жердегі инфрақұрылым жобаларымен танысты.

Аталған учаскедегі қалып қойған тұрғын үйлерді төмен қысымды газ желілерімен және электр желісімен жабықтау жұмыстары осы жылы аяқталмақ. Жоба бойынша 137 тұрғын үй электр желісімен, 450-ге жуық тұрғын үй газ желілерімен қамтылады. Қазіргі таңда бұл жұмыстармен «Ремстрой» ЖШС айналысуда. Одан соң аудан басшысы Достық көшесінде салынып жатқан 250 орындық мектептің құрылысымен де танысты. Мектеп ғимаратының құрылысы аяқталуға жақын. Мұхтар Әуесұлы мердігерлерге сапаны басты назарға алып, құрылысты тиянақты аяқтауды жүктеді.

Күнделікті тіршіліктің тынымсыз қозғалысы үшін жолдың маңызы

зор. Биыл аудан орталығы Әйтеке би кентіндегі 35 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Аудан әкімі Мұхтар Әуесұлы 5 квартал аймағындағы қиыршық тас төселетін көшелер мен Т.Әубәкіров көшесіндегі асфальт қабатын төсеу жұмыстарын бақылады. Сондай-ақ Т.Әубәкіров көшесіне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 32,4 млн теңге бөлінген. Қазіргі таңда «Нұрас и К» ЖШС негізгі қабатын тегістеу жұмыстарын жүргізуде. Аудан басшысы жол жөндеу жұмыстарына жауапты мердігерлермен кездесу барысында жұмыстың сапалы атқарылуын қатаң назарға алуы тапсырылды.



40-ТАН АСТАМ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН БОЙ КӨТЕРЕДІ

Биыл Қызылорда облысында мемлекеттік бағдарламалар аясында ондаған әлеуметтік нысан салынады. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 2023-2024 жылдары облыста 27 денсаулық сақтау нысаны бой көтереді. Қызылорда қаласында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көп бейінді аурухананың құрылысы басталды. Жобаның жалпы құны – 36,4 млрд. теңге», – деді облыс әкімі Н.Нәлібаев.

Мұнан бөлек, облыс орталығында 200 төсектік жаңа перинаталдық орталық салынады. «Жайлы мектеп»

ұлттық жобасы аясында алдағы 3 жылда облыста 15 100 орынға арналған, құны 100 млрд. теңгеден асатын 21 мектеп бой көтереді. Биыл 10 мектептің құрылысы басталады.

Өткен жылдың желтоқсан айында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың Қызылорда облысына жұмыс сапары кезінде аймақтың өзекті мәселелері көтерілген еді. Сол жолы Қызылорда қаласында дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатын салу Білімді қолдау қоры қаражаты есебінен қаржыландырылатын болып шешім тапты, бүгінде құрылыс басталды. Жобаның жалпы құны – 7,9 млрд. теңге.

Үкімет басшысының алдында көтерілген тағы бір мәселе – сол жағалаудағы көпсалалы дене шынықтыру сауықтыру кешенінің құрылысы. Жергілікті бюджет есебінен жоба-сметалық құжаттама әзірленді. Жоба құны 6,9 млрд.теңге, құрылысы биыл басталады.

Өңірде өзге де әлеуметтік нысандар салынады. Атап айтқанда, құны 1,6 млрд. теңгені құрайтын Неке сарайы тамыз айында пайдалануға беріледі. Жалпы құны 3,7 млрд. теңге болатын 1000 орындық Өнер орталығы желтоқсан айында, ал, сол жағалаудағы құны 2,7 млрд. теңгені құрайтын Қан орталығы 2024 жылы іске қосылады.

БАСПАСӨЗ – 2023 II-ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖАЛҒАСУДА

Республикалық "Ел тілегі" газеті және "Жарасымды жанұя" журналы өңірдегі елеулі оқиғаларды бүкпесіз жеткізіп, халық пен биліктің арасын жалғайтын алтын арқауға айналып, көптің ықыласына бөленіп келеді. Еліңіздің тілегін тыңдап, отбасыңыздың жарасымын ойласаңыз қос басылымға жазылыңыз.

«Ел тілегі» газетіне жазылу бағасы 6 айға – 2500
«Жарасымды жанұя» журналына жазылу бағасы – 2850

ТӘРБИЕ – ҰЛТТЫҢ ҚАЗЫҒЫ

Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің ұйымдастыруымен облыс соттарының қызметкерлері арасында «Тәрбие – ұлттың қазығы» атты шығармашылық байқауы өтті.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын насихаттау, ұлттық тәрбиені келешек ұрпақтың бойына сіңіру және сот қызметкерлерінің шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында өткізілген игі шараға қызметпен өнерді қатар алып жүрген он төрт қызметкер қатысты.

Сайдың тасындай іріктелген шығармашыл қатысушыларға ардагер судья, облыстық билер кеңесінің төрағасы З.Нұрсейітов; Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің басшысы С.Сүлеймен; Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент А.Айтбаева; ақын, Сыр бойы газетінің тілшісі Д.Аяшулы, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары М.Бибитова қазылық етті.

Сайысты С.Сүлеймен ашып, «ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу және сол арқылы шығармашылыққа жаны жақын әрі өнерпаз қызметкерлеріміздің қабылетін арттыру баршамыздың міндетіміз, осыған дейін де мұндай сайыстар өткізілді, әлі де өткізіле бермек» - деп, қатысушыларға сөз тілек тіледі.

Сайыстың бірінші кезеңінде қатысушылар тақырып бойынша эссе жазды. Алдын ала дайындалған шығармада қатысушылар ұлттық тәрбие хақындағы орамды ойларымен бөлісті. Бұл кезең бойынша Байқоңыр қалалық сотының бас маманы Н.Нұрбайқызына, облыстық соттың маманы Л.Әбуәлиге, кәметелке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының маманы Ж.Абрамановаға комиссия мүшелері жоғарғы ұнай берді.

Екінші кезеңде қатысушылар еркін форматта өзі дайындаған өнерлерін көрсетті. Бірі салт-дәстүрлер бойынша көрініс қойса, енді бірі домбырамен күй шертті. Бірі өз шығармашылығынан өлең оқыса, бірі бейнеролик арқылы ұлттық

тәрбиені насихаттады. Бұл кезеңде Сырдария аудандық сотының жетекші маманы О.Дүйсенов, облыстық соттың бас маман-сот отырысының хатшысы А.Молдаш үздіктер қатарынан танылды. Ал үшінші кезеңде ұлттық құндылықтарымыз төңірегінде сұрақ қою арқылы, қатысушылардың ой ұшқырлығы сыналды. Аталған кезеңде Қызылорда қалалық №2 сотының бас маманы Т.Алтынбаева мен Арал аудандық сотының бас маманы М.Нағашыбаев белсенділік танытты.

Әділ қазылар алқасының шешімімен байқау жеңімпазы ретінде Байқоңыр қалалық сотының бас маманы Н.Нұрбайқызы танылса, Сырдария аудандық сотының жетекші маманы О.Дүйсенов жүлделі екінші орынды қанжығасына байлады. Ал облыстық соттың маманы Л.Әбуәли жүлделі үшінші орынды иеленді.

Одан бөлек комиссия шешімімен Қармақшы аудандық сотының жетекші маманы А.Жақыпбек «Үздік ұлттық киім үлгісі», Қызылорда қалалық сотының жетекші маманы М.Мұсабек «Үздік шығарма», облыстық соттың бас маман-сот отырысының хатшысы А.Молдаш «Үздік туынды», мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының маманы Б.Ердулет «Белсенді қатысушы» номинацияларын иеленсе, мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің арнайы «Белсенді қатысқан мемлекеттік қызметші» номинациясы Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының бас маман-сот отырысының хатшысы Д.Камзаева табысталды.

Жарыс соңында қазылар алқасы ұйымдастырушыларға, қатысушы мамандарға ыстық ықыластарын білдіре отырып, сын-ескерпелері мен ақыл-кеңестерін айтты.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық дамуды, демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, жалпы елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Әлемдік проблемаға айналған бұл індеттің алдын алу не жою үшін, ең алдымен халық өздерінің құқықтарын, сондай-ақ өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Яғни, айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде.

Мемлекеттік қызметшілер сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға көп бой алдырып жатады. Оған қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы, сонымен қатар жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың өршуіне септігін тигізеді. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 22-бабына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз қызметі шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуі міндетті. Осыған сәйкес, Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінде мемлекет қызметкерлерінің қызметтік және еңбек тәртібін сақтауын, қызметтік

әдеп нормаларының сақталуын, ҚР Мемлекеттік қызметі туралы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдарының талаптарының сақталуына, әкімшілік құқық бұзушылықтар, тәптілік теріс қылықтар жасауға жол бермеуді басты назарда ұстай отырып, жалпы жемқорлықтың алдын алу бағытында: Департаментте 2023 жылға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары жасалып, департамент қызметкерлеріне түсіндірме жұмыстары мен дәрістер беру мақсатында жиналыстар, семинарлар мен дөңгелек үстел өткізіліп, жоспарланған жұмыстар жүргізіліп отырады. Қауіпті өндірістік объектілер жұмыс жобаларына келісім беру, жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру, қауіпті техникалық құрылыстарды есепке қою мемлекеттік көрсетілетін қызметтер «Е-лицензия» жүйесі арқылы электронды түрде қабылдануда. Бұл өз кезегінде, мемлекеттік қызмет көрсетуші мен қызмет алушы арасында тікелей байланысты болдырмау арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын-алуға бірден-бір септігін тигізеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен арыз-шағымдарын қабылдау, Департамент атқарып отырған қызметтердің ашықтығын қалыптастыру мақсатында, Департаментте 26-47-17 нөмірлі сенім телефоны және 1424 call centre нөмірлеріне хабарласуға болатындығы айтылып, хабарламалар департаменттің сайтында, газет беттерінде жария етіліп және халыққа көрінетіндей жерлерде ақпарат ілінген. Департаменттің кіре берісі дәлізінде азаматтарға арналған арыз-шағым жәшігі орналастырылған. Жыл басынан бері шағым түспеген. Департаменттің ғимаратында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стенд

дайындалған. Барлық қызметкерлердің қызметтік бөлмелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер жайлы ақпараттар ілінген. Департаментте орналасқан ғимаратта азаматтардың өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы қарастырылып, БАҚ арқылы әрдайым қызмет алушылар назарына салынып отырады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтерді алу бойынша сұрақтар туындаған жағдайда 27-52-77 телефоны арқылы немесе ga_dkpb_kzyl@eme.kz электронды поштасы арқылы хабарласу ұйымдастырылған. Сыбайлас жемқорлықпен күресу тек жеке адамдардың немесе жекелеген топтардың ғана емес, мемлекеттік органдардың, қаржы, үкіметтің, жалпы қоғамның басты міндеті мен борышы болып табылатындықтан, Департамент өз құзыреті шегінде атқарылатын жұмыстарға байланысты Департаменттің және ұжымның беделін жоғары ұстау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті тұрақты түрде жүргізіп отыру мақсатында, қызмет барысында жариялықты, есептілікті және ашықтықты қамтамасыз ету жұмыстары баса назарға алынып келеді. Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін әрбір жемқорлықты жоюды мақсат еткен мемлекеттік орган аталған дерттің орын алмауына ат салысып, қарсы күресуі ықтимал. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және мемлекеттің адал қызметкері ретінде халық сенімінен шығатынымыз анық.

Нұрлан ИЗМАГАМБЕТОВ, ҚР Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, Тау-кен өнеркәсібі және атом энергиясын пайдалану объектілерін мемлекеттік қадағалау бөлімінің басшысы, Әдеп жөніндегі уәкілі

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ БОЙЫНША СЕМИНАР САБАҒЫ ӨТТІ

Қызылорда облыстық сотында аймақтық оқу орталығының ұйымдастыруымен «Азаматтық құқық және процесс» секциясы бойынша семинар сабағы өтті. Облыстық соттың судьясы Н.Қосановтың төрағалығымен өткен семинарға Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының, Қызылорда қаласы мен аудандық соттардың төрағалары мен судьялары қатысты.

Семинарда алғаш болып Қызылорда қалалық сотының судьясы М.Әбілханованың «Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау» туралы баяндамасы тыңдалды. Баяндамашы істі сот талқылауына дайындау маңызды процестердің бірі екенін, ол тараптар ұсынған дәлелдемелер мен қолданылуға жататын материалдық құқық нормаларына сәйкес тараптардың заңды құқықтары мен міндеттерін, олар ұсынған дәлелдемелерді сот отырысында толық, жан-жақты және объективті түрде зерттеп, заңды және негізді сот актісін шығару үшін қажетті жағдайлар тудыратынына тоқталып өтті. Сонымен қатар тараптардың дауды бітіммен аяқтау, істі соттылығы бойынша жолдау секілді бірқатар мәселелер осы кезеңде шешілетінін айтты.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе «Сотты құрметтемегені үшін жауаптылық шараларын қолдану» туралы Қызылорда қалалық сотының судьясы М.Ақынбек баяндама жасады. Ол өз сөзінде сотқа құрметтемеушілік білдіргені үшін жауаптылық шаралары АПК-нің 9-тарауымен регламенттелгені, аталған кодекстің 120-бабының бірінші бөлігінің мазмұны бойынша сотқа құрметтемеушілік білдіру фактісі тікелей сот отырысында анықталған кезде процесті жүргізуші судьяға құқық бұзушыны жауапқа тарту мәселесін шешуге уәкілеттік берілгенін атап өтті. Сондай-ақ М.Ақынбек талдауға сәйкес 2022 жылы Қызылорда соттарында ондай факт орын алмағанын көрсетті. Келесі болып МАЭС судьясы Н.Еламанов «Сот ісін жүргізу тілі қағидағын қолданудың кейбір мәселелері» туралы ҚР Жоғарғы сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы нормативтік қаулысы аясында баяндама жасады. Баяндамашы АПК-нің 14-бабының талаптарына сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою (арыз) берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленетінін, сот істі сот талқылауына дайындау сатысында талап қоюшының (арыз берушінің) талап не арыз берілген тілді жеткілікті дәрежеде білетіндігін, сот ісін жүргізудің мәні мен мағынасын түсінетіндігін анықтауға тиіс екенін, сонымен қатар сот талап қоюшыдан (арыз берушіден) тиісті жазбаша өтінішхат түскен жағдайда сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді ұйғарым шығаратынын айтып өтті. Баяндамада Н.Еламанов азаматтық істер бойынша сот талқылауына дайындық аяқталғанға дейінгі құжаттарды сот аударатынын, ал одан кейін құжаттар мен өзге де материалдарды сот ісінен өзге тілде ұсынған тараптар олардың аудармасын өз бетінше қамтамасыз ететінін ескергені жөн екендігін айтты.

Семинар соңында қатысушылар аталған тақырыптар аясындағы өз тәжірибелерімен бөлісті.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІ БІРШАМА ЖЕҢІЛДЕТТІ

Соңғы жылдары сот жұмысына енгізілген түрлі заманауи технологиялар халық игілігіне жарай, бүгінде бұл қызметтер сот ашықтығының, жариялылығының, жеделдігінің көзіне айналды. Сот жүйесіндегі заманауи технологияларды айтқанда, ең алдымен ауызға «Сот кабинеті» сервисі ілігеді. Себебі, осы электронды сервисің көмегімен бүгінде әрбір сотқа жүгінуді өзине ыңғайлы кез келген уақытта, үйден, кеңседен шықпай-ақ, интернет желісі арқылы өтініш пен арыздың электрондық түрде жібере алу мүмкіншілігіне ие.

Сондай-ақ, сервисің көмегімен азаматтар мемлекеттік бажды онлайн режимінде төлеп, сот құжатын, сондай-ақ істің бүкіл тарихын қарап, сот актісін басып шығара алады және аталған істің процессуалдық мерзімдерін де қарай алады.

«Сот кабинеті» сервисі халықтың сотқа қол жетімділігін қамтамасыз етумен қатар, сот ісін жүргізуді де біршама жеңілдетті. Бұрын сот отырысына азаматтарды шақыру ұзақ процесс еді. Хабарламаны конвертпен жолдап, шақыртудың жеткен-жетпегенін білмей отыратын күндер келмесе кетті.

Сот отырысының болатын уақыты мен орны туралы ақпарат тараптардың ұялы телефонына сервис арқылы sms-хабарлама ретінде, істің қаралуы туралы ақпарат «push-хабарлама» түрінде жіберіледі.

Бүгінде аталмыш сервис көптеген электронды қызмет



түрлерін көрсету мүмкіндігіне ие. Жуырда электронды сот төрелігін одан әрі жандандыру мақсатында «Сот кабинеті» сервисінде тағы бір жаңа функция, яғни QR-кодтарының жаңа технологиясы енгізілді. Халыққа ыңғайлы болу үшін және бірыңғай стандартқа көшу мақсатында «Сот кабинеті» сервисінде авторизациядан өту

және ұсынылатын құжаттарға қол қою тетігі өзгертілді.

Енді авторизациядан өту және құжаттарға қол қою Egov mobile мобильді қосымшасының Face ID және Touch ID (QR-кодты сканерлеу) арқылы мүмкін болады. Сервисің жана нұсқасы қандай артықшылықтарға ие десек, ең алдымен азаматтар электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) egov mobile қосымшасы арқылы алу мүмкіндігіне ие болды.

Осы секілді салағы тың жаңашылдық әкелген технологияның бірі, сот процесінде үн-бейне жазба құралының қолданылуы.

Қазіргі таңда Республика соттарының залдары түгелдей дыбыс-бейнежазба құрылғыларымен жабдықталған.

Бұл тетік - сот ісін жүргізу реформасының институционалды жүйесінің жетілген қадамының бірі. Кез-келген сотта қаралатын іс үн-бейне жазба құралының қосылуымен жүргізіледі. Оны судьяның тоқтатуға, редакциялауға мүмкіндігін болмауы азаматтардың сот отырысындағы жауаптылығын көтеріп, төреліктің әділ шығатынына күмән туғызбайды. Олай дейтініміз, ертеңгі күні қандай да бір даулы мәселе туындаған жағдайда нақты сол іс бойынша барлық мән-жайды жазбадан анықтауға мүмкіндік мол.

Аталмыш ақпараттық жүйенің енгізілуі сот мәжілісінің хатшыларының сот отырысының хаттамаларын қолмен жүргізуден босатты. Бұрын хаттамаларды толтыру қолмен рәсімделіп, кейіннен жазу машинасында терілетін болса, бүгінде істі талқылауды үн-бейнежазба құралдарын пайдалану арқылы түсіріп алған жағдайда, сот отырысының хатшысы жазбаша нысанда қысқаша хаттама жасаумен шектеледі.

Осылайша, жүйе жұмысына озық технологияларды дендеп ендіру сот төрелігінің ашық әрі қолжетімді болуымен қатар, сала жұмысына тиім серпіні береді.

Баянсұлу ҚАНЫБЕТОВА, Арал аудандық сотының бас маманы, сот мәжілісінің хатшысы

МЕДИАЦИЯ ТАРАПТАРДЫ ТАТУЛАСТЫРДЫ

Жаңақорған ауданында «Медиация туралы» Заңның қолдану аясының кеңейгенін көруге болады.

Медиаторлар жұмысының қажеттілігі мен белсенділігі күннен-күнге артып келеді. Әсіресе араздасқандарды татуластырудың тиімді тәсілдерін жетілдіру арқылы сотқа дейінгі және соттағы бітімгершілік процесін жүзеге асыруда медиация қызметі керек.

Отбасыларда жиі орын алатын ерлі-зайыптылар арасындағы араздықты, отбасының басқа да мүшелері арасындағы дау-дамайды оңтайлы шешуде медиация қызметінің ықпалы зор.

Бүгінде халықаралық тәжірибеде медиация

бітімгершілікке бастайтын ең тиімді тәсіл ретінде танылып отыр.

Сөзіміздің дәлел ретінде, аудандық соттың өндірісіндегі Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 73-бабының 1-бөлігімен азамат М.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Азамат М. алкогольді масаң күйде Жаңақорған ауданы, Томенарық ауылында тұрған жайда әкесі Е.-ге сыйламаушылық танытып, былайыт сойлеп, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекет жасаған.

Сотта азамат М. өз кінәсін мойындап, әкесі Е.-мен қазіргі кезде жәбірленушімен медиация тәртібімен татуластырған көрсетті.


Аудандық соттың қаулысымен құқық бұзушы М.-ға қатысты Қазақстан



Республикасы ӘҚБтК-нің 73-бабының 1-бөлігімен қозғалған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жәбірленушімен медиация тәртібімен татуластыруға байланысты тоқтатылып, ол жауаптылықтан босатылды.

ӨНІРДЕ БІРҚАТАР СУДЬЯЛАР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қызылорда облыстық сотында жалпы отырыс өтті. Облыстық сот төрағасы Ә.Шығамбаев күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 24 наурыздағы №150 Жарлығымен тағайындалған судьялар Қазалы аудандық сотының судьясы Бертай Серік Мұратбайұлы, Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Ізтілеуова Асыл Алпысбайқызы, Жаңақорған аудандық сотының судьясы Пазылов Болат Самадинаұлы және жаңадан тағайындалған Арал аудандық сотының судьясы Керуенбаев Берік Серікұлы сот ұжымына таныстырды. Таныстыру рәсімінен соң жаңадан тағайындалған Арал аудандық сотының судьясы Б.Керуенбаев ант қабылдады. Облыстық сот төрағасы судьялардың жана жұмыстарына сөгілдік тіледі.



Бертай Серік Мұратбайұлы Қызылорда облысында туған, 2001-2016 жылдары Қазалы аудандық сотының маманы, аға сот приставы, жетекші маман-от приставы, жетекші маманы, бас маманы; 2016-2019 жылдары Манғыстау облысы, Мұнайлы аудандық сотының судьясы; 17.07.2019 жылдан осы кезге дейін Арал аудандық сотының судьясы болып қызмет атқарған.

Ізтілеуова Асыл Алпысбайқызы Қызылорда облысында туған, 2001-2010 жылдары Қызылорда қалалық сотының аға маман-сот отырысының хатшысы, жетекші маман-сот отырысының хатшысы; 2010-2017 жылдары Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маман-сот отырысының хатшысы, 2017 жылдан бүгінгі күнге дейін Байқоңыр қалалық сотының судьясы қызметін атқарып келген.

Пазылов Болат Самадинаұлы Қызылорда облысында туған, ҚР Президенті жанындағы басқару академиясының түлегі. Еңбек жолын 2002 жылы Жаңақорған аудандық сотында іс тіркеуші отырысының хатшысы; 2010-2017 жылдары Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маман-сот отырысының хатшысы, 2017 жылдан бүгінгі күнге дейін Қазалы аудандық сотының жетекші маманы; Қызылорда қаласының тергеу сотының аға сот приставы, Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының, Қызылорда қалалық сотының бас маман-сот отырысының хатшысы қызметтерін атқарып келген.

ТУРА ТӨРЕЛІК СОТ БЕДЕЛІН АРТТЫРАДЫ

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы өзін құқықтық мемлекет ретінде таныта отырып адамның құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді. Мемлекетімізде демократияның басты негізі адамның, жеке тұлғаның құқықтық жағдайы болып табылады.

Себебі, Қазақстан Республикасының Конституциясында адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына деп жазылған. Бұл қағидаттың бұзылуы орын алды деп танылса, әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Яғни, әр адам өзінің құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға құқылы.

Тұрақтылық пен бейбіт өмір сәттары сөзсіз.

Еліміздің ұстанған ең басты жолы сол қоғамдағы тұрақтылық пен бейбіт өмірді сақтап, құқықтық мемлекет құру, оны одан әрі өркендету. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын мінсіз қорғауда ең негізгі өзектісі сот қызметінің ашықтығы және жариялылығы болып табылады. Елімізде сот төрелігін заман талабына сай жаңғырту жылдар бойы үздіксіз жүргізіліп келеді. Президентіміздің сот жүйесін мен бостандықтарын қорғаудың басты кепілі екендігі анық. Сондықтан, кез келген тұлға өз құқықтарын қорғауды өтініп, сотқа жүгінуге теңдей құқылы. Яғни, ешкім оның ісін сотта қарау құқығынан айыра алмайды. Сотта әркім өз сөзін тыңдату құқығына ие.

Сот тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың басты кепілі екендігі анық. Сондықтан, кез келген тұлға өз құқықтарын қорғауды өтініп, сотқа жүгінуге теңдей құқылы. Яғни, ешкім оның ісін сотта қарау құқығынан айыра алмайды. Сотта әркім өз сөзін тыңдату құқығына ие.

Айтар болсақ, сот жүйесінің көп сатылығы жойылды, судьялардың кадрлық іріктеу жүйесі жаңғыртылды, судьялар әдебінің жана кодексі қабылданды, тараптарды бітістіру рәсімдері мен дауларды соттан тыс реттеу тетіктерін жетілдіру қолға алынды, сот жүктемесі азайтылды, сот актілерін ұғынықты тілде түсіндіру тәжірибесі енгізілді, жана электрондық сервистер мен жобалар іске қосылды, сот жүйесінің материалдық базасы нығайтылды, өңірлерде фронт кеңселер ашылды. Бұл батыл қадамдар мен сан-салалы жұмыстар сот жүйесін белсенді және заңды толығымен жан-жақты білмеуінің салдары деп ойлаймын. Ұлы ойшыл Аристотельдің «Әлемді заң билеуі керек» деген сөзі бар. Олай болса заң болған жерде және оны терең игерген тұста азаматтардың қалыптасуы өмір дағдылары және қоғамдағы

А.ЖОЛДЫБАЕВА
Шиелі аудандық сотының судьясы

ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДА ТӘРТІПТІ САҚТАУ ҚАЖЕТ

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-бабының 1-бөлігіне сәйкес, ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда быланып сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, тұрғын үй-жайларды қорлау және айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттері үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Мәселен, 15 наурыз 2023 жылы пәтер алдын, подвез ішінде азамат Н. азаматша Ш.-ға быланып сөйлеп, айналасындағыларға сыйламаушылық білдірген. Осындай құқық бұзушылық әрекеттері үшін оған қатысты әкімшілік хаттама толтырылып, сотқа қарау үшін жолданған.

Нәтижесінде, Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының қаулысымен азамат Н. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 48300 теңге әкімшілік айыппұл салынды.

ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНДЫҚ СОТЫНДА СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ

Жаңақорған аудандық сотында «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» Заңының кейбір ерекшеліктері тақырыбында семинар өтті.

Іс-шараға аудандық соттың төрағасы, судьясы, кенсе қызметкерлері, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының өкілі Қ.Мусаев, заң кеңес беру бөлімінің адвокаттары Ж.Сайфулмаликов, Г.Увайдаева, өңірлік «Жаңақорған тынысы» газетінің тілшісі Р.Әзілхан қатысты.

Семинар барысында сөз алған мемлекеттік кірістер басқармасының өкілі Қ.Мусаев, соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз берудің негіздері, борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз, соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану, соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату, соттан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді

міндеттемелерден босатуы жайлы ақпараттарымен бөлісті.

Өз кезегінде аудандық соттың төрағасы А.Түбекбаева төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беру тәртібі мен салдары туралы түсіндірме беріп өтті.

Шара барысында қатысушылар жана норма аясында туындаған сұрақтарын ортаға салып, өзара пікір алмасты.

Төрағалық етуші семинарды қорытындылап, қатысушыларға алдағы уақытта осы бағытта азаматтарға түсіндірме жұмыстарын жүргізуді жалғастыру қажет екендігін тілге тиек етті.

ҚАЛАЛЫҚ СОТТА ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда қалалық сотында қалалық сот төрағасы Д.Кентбаевтың, судьялар Л.Алибекованың, А.Қаршығаның, Қызылорда облысының нотариалдық палатасының төрағасы Л.Сүйеубаеваның, Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша өңіраралық заң консультанттары палатасының заңгері А.Жұмабайұлының, Қызылорда облыстық адвокаттар алқасының адвокаттары Ж.Нурмаханова, Н.Примжанованың, Қызылорда облысы бойынша өңірлік алқасының жеке сот орындаушылар палатасы төрағасының орынбасары Р.Серікұлының, жеке сот орындаушылар А.Ауқенов, Д.Сейтқалиев, Е.Хабылов, А.Касимовтың, Қызылорда қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің сектор меңгерушісі Н.Ескараеваның қатысуымен

«Отбасы қатынастарынан туындайтын даулар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Шараны қалалық сот төрағасы Д.Кентбаев ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырды. Сот төрағасы сөз кезегін тақырып бойынша баяндайтын судья А.Қаршығаға берді.

Судья баяндамасында отбасы қатынастарынан туындайтын даулар, оларға қатысты статистикалық мәліметтерге және сот жүйесінде орын алып жатқан жаңалықтардың бірі – ҚР Жоғарғы Сотының «Отбасылық сот» пилоттық жобасына тоқталып өтті.

Келесі болып сөз кезегін алған Қызылорда қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің сектор меңгерушісі Н.Ескараева «Азаматтық хал актілерін тіркеу секторы бойынша көрсетілетін



мемлекеттік қызметтер және отбасылық құндылықтар тақырыбында атқарылған жұмыстар» төңірегінде баяндама жасалды.

Шара барысында қатысушылар азаматтық істердің аталған санаттарын қарастырып кезде туындайтын сұрақтарға байланысты ортақ ұсыныстарын айтып, пікір алмасты.

Дөңгелек үстел соңында қатысушылармен өзара іс-қимыл мәселелерін шешу жана алдағы уақытта жұмыс сапасын арттыру бойынша ұсынымдар әзірленді.

ЖОЛ ЖҮРУ ҚАҒИДАСЫН БҰЗҒАН

Қазақстан Республикасы Жол жүрісі қағидасының 13-бөлімінің 11-тармағына сәйкес - манғызы бірдей емес жолдардың қиылысында екінші дәрежелі жолдың бойымен жүріп келе жатқан көлік құралының жүргізушісі олардың әрі қарай жүру бағытына қарамастан, басты жолмен жақындап қалған, оның ішінде кері бұрылуы жүзеге асыратын көлік құралына жол береді.

Бөлу жолағы бар басты жолмен жүріп бара жатқан жүргізуші жол қиылысында кері бұрылуы жүзеге асырмас бұрын, екінші дәрежелі жолмен жол қиылысына жақындаған көлік құралының оған жол беретіндігіне көз жеткізеді.

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында қағиданың бұл талаптарын бұзған, азамат С.-ға қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 610-бабының 1-бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Азамат С. 2023 жылғы 02

ақпан өзінің басқаруындағы автокөлігін Қызылорда қаласы, Хон Бен До көшесімен басқарып келіп, бағыттас келген азамат С.-ның басқаруындағы автокөліктен соқтығысып, материалдық залал келтірілген. Нәтижесінде көлік құралдарының бүлінуіне алып келген, материалдық залал келтірген.

Сот қаулысымен өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға С. ӘҚБтК-нің 610 бабының 1 бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 48300 теңге әкімшілік айыппұл салынды.

ДӘРМЕНСІЗДІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БАНКРОТ ДЕП ТАНЫЛДЫ

Арыз беруші «Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» мемлекеттік мекемесі «С» ЖШС-не қатысты банкроттық рәсімін қозғап банкрот деп тану туралы арызбен сотқа жүгінген.

«С» ЖШС Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының 22.12.2022 жылғы салыстырмалы актісіндегі салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша бюджетке берешегі – 18 000 теңге, оның ішінде бересі – 8 432 теңге, өсімді – 9 569 теңгені құраған.

Борышкердің салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша қарыздары 2020 жылдан салық есептілігінен пайда болған. Іс құжаттарынан анықталғандай, борышкердің ешқандай дүние мүлкі, тіркеу органдары мен банк

мекемесінде тіркелмегені анықталған, яғни «С» ЖШС-нің төлем төлеуге қабілетсіз, сондай-ақ жалған және әдейі банкроттықтың белгілері, заңсыз жасалған мәмілелері болмаған.

«Оңалту және банкроттық туралы» ҚР Заңының 5 бабы 1 тармағының 2 тармақшасына сәйкес, салық берешегі бойынша борышкердің филиалдары мен өкілдіктерінің берешегін қоса алғанда, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кредитор алдындағы міндеттемелері оларды орындау мерзімі басталған кезден бастап төрт ай ішінде орындалмауы және республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген бір жүз елу айлық есептік көрсеткіштен кем емес соманы құрайтын болса, борышкер төлемге қабілетсіз болып табылады деп атап көрсетілген. Бірінші саты соты, іс бойынша дәлелдемелерді зерттеп, талапты қанағаттандыру туралы шешім шығарды.

ҰСАҚ БҰЗАҚЫЛЫҚ ЖАСАҒАНДАРҒА ЖАЗА ҚАТАНДАТЫЛДЫ

Ұсақ бұзақылық - бұл қоғамдық тәртіпке қол сұғатын құқық бұзушылықтардың ең жиі кездесетін түрі.

Осыдан болар, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 3 қаңтардағы Заңымен ӘҚБтК-нің 434-бабына өзгерістер еніп, 7 наурыз 2023 жылдан бастап қолданысқа еніп отыр.

Бұған дейін ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда быланып сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, ғимараттарды, өзге де құрылысжайларды, тұрғын үй-жайларды, көліктегі және өзге де қоғамдық орындардағы ортақ пайдаланылатын орындарды, мүлікті қорлау және айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер - 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не 10 тәулікке

дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соқса, бүгінде 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не 5-тен 15 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді.

Өзгерістер қолданысқа енгеннен кейін Арал аудандық сотында ҚР ӘҚБтК-нің 434-бабының 1-бөлігінде көзделген құқық бұзушылықты жасаған азамат Ж.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Сот талқылауы барысында, құқық бұзушының темір жол вокзалы перронында, яғни қоғамдық орында алкогольді масаң күйінде, быланып сөздер айтып, айналасындағыларға сыйламаушылық білдіріп, ұсақ бұзақылық жасағаны өзінің кінәсін мойындаған жауабымен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамамен, медициналық куәландыру қорытындысымен бекітілген.

Сот қаулысымен құқық бұзушыға ӘҚБтК-нің 829-11 бабының 2-бөлігі басымылыққа алынып, 48 300 теңге көлемінде айыппұл салынды.

МАС КҮЙІНДЕ КӨЛІК ҚҰРАЛЫН БАСҚАРҒАНЫ ҮШІН ӘКІМШІЛІК ҚАМАҚҚА АЛЫНДЫ

Жалпыға белгілі қазіргі қоғамда қызу пікір талас тудыратын өзекті мәселелердің бірі – ол жүргізушілердің мас күйінде көлік құралын жүргізу болып табылады.

Сөзімізге түрткі болған оқиға Жаңақорған ауданының тұрғыны Т. есімді азамат аудандық соттың қаулысымен Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 15 тәулік әкімшілік қамаққа алынып, көлік құралын басқару құқығынан 7 жыл мерзімге айырылды.

Ол Жаңақорған Қандөз тас жолының бойында мотокөлігін алкогольді масаң күйінде басқарған. Медициналық куәландырудың қорытындысына сәйкес, ол орта дәрежеде алкогольдік масаң күйде болған.

МӘМС

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУҒА ТӨЛЕМ ЖАСАҒАН КЕЗДЕ ЕСКЕРЕТІН ТОП-10 ЖАҒДАЙ

Халықтың экономикалық белсенділігі - МӘМС үшін төлем жасайды және оның айтарлықтай үлесін жұмыс берушілер мен қызметкерлер құрайды. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов жұмыс істейтін азаматтардың сақтандыру мәртебесін ала алмауы бойынша жиі қойылатын сұрақтар мен жағдайларға жауап берді.

Жалдамалы қызметкерлер мен жұмыс берушілер МӘМС төлемдері бойынша нені білу керек?

Қызметкер үшін төлемнің екі түрі түседі: 1. Аударымдар – жұмыс беруші өз қаражаты есебінен төлейді. 2023 жылы оның мөлшері қызметкер жалақысының 3 пайызын құрайды. Аударымдардың ең жоғары мөлшері 10 ЕТЖ-ның 3%-нан аспауы керек (3%*10*70000=21000 теңге); 2. Жарналар – жұмыс беруші қызметкердің жалақысынан 2% ұстайды. Бұл ретте аударымдардың ең жоғары мөлшері 10 ЕТЖ-ның 2%-нан аспауы тиіс (2%*10*70000=14000 теңге). Айта кету керек, жұмыс беруші қызметкерді МӘМС-ға төленетін жарналар мен аударымдар туралы хабарлар етуге міндетті.

Төлемді банктің кез келген бөлімшесі арқылы келесі шотқа төлеуге болады:

KZ92009MEDS368609103
BIC 160440007161
BIC GCVPRZ22A

Төлем тағайындау коды – 121 (аударымдар), 122 (жарналар).

Төменде біз жиі қойылатын сұрақтарға жауапты ұсынамыз.

1. Мүгедектігі бар қызметкерлер жарналар ұстауына ма?

Сұрақ: Біз шағын жеке фирманың. Аяғында кемістігі бар ресми мүгедектігі бар программистті жұмысқа қабылдадық. Біз оны үшін аударымдарды төлеп, жалақысынан МӘМС жарнасын ұстауымыз керек пе?

Жауап: Мүгедектігі бар адамдар үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейді, себебі олар халықтың 15 жекендік санатына кіреді. Демек, жұмыс беруші олар үшін аударымдарды төлемейді және жарналарды ұстамайды. Сонымен қатар, жұмыс беруші қызметкерлердің келесі санаттары үшін МӘМС төлемдерін аудармайды: Балалар, зейнетақы жарналарын алушылар «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана данқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар, мүгедектігі бар адамдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын адамдар, жүктілікке және босануға, жана туған баланы (балаларды) асырап алуға, баланы (балаларды) үш жасқа толғанға дейін күтуге байланысты демалыстағы адамдар.

2. Жұмысқа жақында орналасса, қалай төлем жасайды?

Сұрақ: Мен 2022 жылдың қыркүйегінде жұмысқа тұрдым. Оған дейін ресми түрде екі жыл жұмыс істемедім. Жұмыс беруші мен үшін МӘМС аударымдары мен жарналарын үзбей төлейді. Жақында емханаға барсам, мәртебен «сақтандырылмаған» деді. Мен үшін төлемдер жүргізіліп жатса, неге мәртебем жоқ? Оны қалай алуға болады?

Жауап: Сіз екі жыл жұмыс істемедің дегенді, яғни осы кезде МӘМС-ға жарна төлемеген сияқтысыз. Зан бойынша, «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» мәртебесі өткен немесе алдағы 12 ай үшін төлем жасалған кезде беріледі.

Қазір сіз жұмыс істейсіз және ай сайын түсімдер болғандықтан, алдағы бір жылға төлем жасай алмайсыз. Сіздің жағдайда өткізіп алған кезеңдерге жарна төлеу керек, бірақ ол соңғы 12 айдан аспауы тиіс. Дербес төлеуші ретінде, яғни 2022 жылғы сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз айлары үшін жеке-жеке 3000 теңгеден (2022 жылғы жарна мөлшері) төлем жасау қажет. Әрі қарай, жұмыс беруші аударған төлемдер көрсетіледі. Өткізіп алған кезеңдер үшін төлем жасаған соң, «Азаматтарға арналған үкімет»



мемлекеттік корпорациясы төлемдерді өндiгеннен кейiн сiзге мәртебе 2-3 күн iшiнде берiледi.

3. Жұмыс беруші жарналар мен аударымдарды төлемейді

Сұрақ: Мен жекеменшік жұмыста істеймін. Бірақ онда мен үшін тиісті жарналар мен аударымдар жасалмайды. Қазір маған МӘМС пакетіне кіретін медициналық көмекті шұғыл алу қажет. Не істеу керек?

Жауап: Егер жұмыс беруші сіз үшін міндетті тұрақты жарналар мен аударымдарды жасамаса, онда ол еңбек, әлеуметтік және салық саласындағы заңнаманы бұзған болып есептеледі. Бұл үшін жауапкершілік қарастырылған.

МӘМС аясында медициналық көмек алу үшін сіздің «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» мәртебенің болуы керек. Сіз оны өткен 12 айға немесе алдағы 12 ай үшін жарналарды төлеу арқылы ала аласыз. Әр айға жеке жеке төлем жасау керек. Осы ретте ескеретін жайт, дербес төлеушілер 2022 жылғы МӘМС үшін 3 000 теңге, 2023 жылы ең төменгі жалақы мөлшерінің ұлғаюына байланысты 3 500 теңге төлейтін ескеріңіз.

4. Көп балалы анандан жарналарды ұстау ма?

Сұрақ: 5 баласы бар әйел кәсіпорында жұмыс істейді. Бірақ оның медальері жоқ. Есепші көп балалы ана ретінде оның жалақысынан жарналарды ұстап қалуы керек пе?

Жауап: Жұмыс беруші жеңілдікті санаттарға кіретін қызметкерлер үшін, оның ішінде «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана данқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналар үшін жарналар мен аударымдарды төлемейді. Егер бұл қызметкердің осындай марапатталған босатылмайды. Сондықтан жұмыс беруші ол үшін жарналарды (жалақысынан ұстап қалу арқылы) және аударымдарды (өз қаражаты есебінен) заңнама талап еткендей төлейді.

5. Күндізгі оқу нысанында оқып, жұмыс істейтін студенттен жарналарды ұстау керек пе?

Сұрақ: Мен күндізгі оқу бөлімінде оқимын және кафеде жұмысқа тұрдым. Менің жалақымынан МӘМС жарналары ұсталында. Бірақ мен осыңда да сақтандырылғанымды білемін. Себебі, мен үшін мемлекет жарна төлейді. Жұмыс беруші дұрыс істеп отыр ма?

Жауап: Сіз дұрыс айтасыз. Егер күндізгі бөлімде оқитын студент болсаңыз жеңілдік санатына кіресіз және мемлекет сіз үшін МӘМС жарналарын төлейді. Сол себепті жұмыс беруші сіздің жалақыңыздан ұстап қалмауы тиіс. Сіз жұмысыңызға оқу орныңыздан оқу кезеңін көрсететін анықтама әкеліп бере аласыз.

6. Жалдамалы жұмыскердің мәртебесі қанша уақытқа дейін сақталады?

Сұрақ: Біздің жұмысымызда барлық міндетті төлемдер кешіктіріліп төленеді. Мысалы, наурыз айы үшін тек сәуірде түседі. Сұрайын дегенім ай сайын уақытында төленбесе, мәртебем сақтала ма?

Жауап: Сіз бірінші жиынтық төлем туралы естіген шығарсыз. Иә, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар БЖТ-ны уақытты төлеуі керек. Себебі келесі айға төлем жасалмаған жағдайда мәртебесінен айрылады. Азаматтар бұл төлем түрін өткен айларға төлей алмайды. Қызметкерлерге арналған жарналарға келетін болсақ, олар (БЖТ-ны қоспағанда, төлеушілердің басқа санаттары сияқты) соңғы төлем күнінен бастап 3 ай бойы сақталады. Егер жұмыс беруші ақпан айына жарна төлеген болса, онда сіздің МӘМС жүйесіндегі мәртебенің шартты түрде мамырға дейін сақталады. Осы уақыт аралығында жұмыс беруші ҚР заңнамасында көзделген төлемдерді жүзеге асыра алады. Осылайша, сәуір айында наурыз айындағы жарналарды төлеген кезде мәртебеге әсер етпейді.

7. Екі жұмыс орнынан жарналар

қалай есептеледі?

Сұрақ: Егер азамат екі жерде жұмыс жасаса, онда МӘМС жарналарын екі ұйымның бухгалтері де ұстауы керек пе? Бірақ бұл жұмыскердің басқа жердегі жалақы мөлшерін білмейміз, сондықтан жарналар мен аударымдар мөлшері шектен асып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда не істеу керек?

Жауап: Дұрыс, МӘМС-ке қызметкер үшін аударымдар (жұмыс берушінің қаражаты есебінен) әрбір жұмыс орнынан жүргізілуі тиіс. Бірақ әр жұмыс орнынан төленетін сома айына 21 000 теңгеден (10 ЕТЖ-дан 3%) аспауы тиіс. Қызметкердің жалақысынан ұсталатын жарналарға келер болсақ, қанша жұмыста істесе де, жалпы сомаға 14 000 теңгеден аспауы қажет (10 еселенген ЕТЖ-дан 2%). Қызметкер сізге басқа жұмыс орнынан жалақы туралы анықтама әкеліп беруі керек. Мысалы, егер ол бірінші ұйымнан 450 000 теңге, ал сізде 350 000 теңге алатын болса, онда сіз тек 250 000 теңгеден жарна есептейсіз (700 000 – 450 000 = 250 000). Егер жалпы табыс 700 000 теңгеден аз болса, онда әрбір ұйымдағы жалақының толық мөлшерін есептеледі.

8. Ұзақ демалыста болған кезде «сақтандырылған» мәртебесін қалай жоғалтпауға болады?

Сұрақ: Ресми түрде жұмысқа орналасқаным. 56 күнге ұзақ демалысқа шықтым. Бухгалтер барлық аударымдарды біртүрлі төлейді, ал келесі ай үшін менде көрсеткіш бос болады. МӘМС аясында сақтандырылған болып қалу үшін не істеу керек?

Жауап: Сіздің жұмыс берушіңіз МӘМС төлемдерін дұрыс бөлуі қажет. Егер демалыс бір айдан асаатын болса, МӘМС үшін төлемдерді кезеңдерге бөлу қажет. Мысалы, жұмыскер сәуір мен мамыр айларында демалыста болса, бухгалтер төлемдерді екі кезеңге бөлуі керек: жарналардың бір бөлігін наурыз айына және бір бөлігін сәуірге төлеуі тиіс. Аударымдар да дәл осылай жүргізілуі керек.

9. Жұмыс істейтін жүкті әйелдер мәртебен қалай алады?

Сұрақ: Жүкті әйел ресми түрде 2023 жылдың қаңтарынан бастап жұмыс істейді. Бұған дейін жарналарды төлемеген. Қазір ол сақтандырылмағандықтан есепке тұра алмайды. Не істеу керек?

Жауап: «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» мәртебесін алу үшін бұл әйел соңғы 12 айдағы өткізіп алған кезеңдер үшін дербес төлеуші ретінде жарналарды төлеуі керек. Егер жұмыс беруші 2023 жылғы қаңтардан наурызға дейін төлемдер жасаған болса, онда оған 2022 жылғы сәуірден желтоқсанға дейін 3000 теңгеден (2022 жылғы жарналар мөлшері) әр айға жеке жеке төлем жасау қажет. Бұл жүкті әйел жұмыс істейтін болғандықтан, жеңілдікті санатқа кірмейді.

10. Жұмыстан шығып кетсе, мәртебен қалай сақтауға болады?

Сұрақ: Мен ақпан айында жұмыстан шығып кеттім. Бұрын мен үшін барлық төлемдер жасалған. Сақтандырылған болып қалу үшін өзім жарналарды төлей беремінен ба?

Жауап: Сақтандырылған мәртебесінен айрылуға үшін және МӘМС аясында медициналық көмек алу үшін МӘМС төлемдері міндетті болып табылады. Сондықтан, егер сіз жұмыстан шығып кеткен болсаңыз, дербес төлеуші ретінде – айына 3500 теңгеден немесе бірінші жиынтық төлемді (БЖТ) төлеуші ретінде МӘМС жарналарына төлем жасауды жалғастыруыңыз қажет. БЖТ мөлшері адамның тұрғылықты жеріне байланысты өзгереді. Егер облыстық, республикалық маңызы бар қалада немесе астанада тұрса, 2023 жылы I АЕК немесе 3063 теңге төлеу керек. Қалған елді мекендердің тұрғындары 0,5 АЕК немесе 1725 теңге төлейді. Бұл азамат жұмысқа орналасқан кезде, жұмыс беруші әрі қарай жарналар мен аударымдарды төлейтін болады. Осылайша ол қарыздың пайда болуына жол бермейді және өз мәртебесін сақтап қалады.

АРТЕРИАЛЫҚ ГИПЕРТОНИЯ

Бүгінде жоғары қан қысымынан зардап шегетіндер көп. Бұрындары гипертония үлкендерде жиі кездессе, қазір жас талғамайтын болды. Жүрек денелегі бар қанды белгілі бір күшпен, артерия жасайтын кедергіге қарсы айдауға мәжбүр болады. Жүрек осылайша бірнеше жыл істесе: *жүректің ұлғаюы; *жүректің жеткіліксіздігі; *миокард инфаркті; *инсульт; *бүйрек ауруына әкелуі мүмкін.

Қан қысымы ауруының алдын алуға болады. Қан қысымымен тіркеуде тұрғандар өздеріне тегін берілетін дәрі-дәрмек уақытында болмай қалса, сатып алмай, қолындағысын үнемдеуге тырысады. Сөйтіп қан қысымы қалыпты болып тұрғанда ішпейді. Соның салдарынан жіңішкерген қан тамырлары кез келген уақытта бірнеше рет өлшегенде 130/80-нен жоғары болса, гипертония деген сөз.

Бұндай дәрігерге қаралу қажет. Артерия қысымы тұрақты түрде жоғары болса, жүрекке жүктеме түседі. Себебі ол қанды үлкен кедергіге қарсы айдауға мәжбүр болады. Жүрек осылайша бірнеше жыл істесе: *жүректің ұлғаюы; *жүректің жеткіліксіздігі; *миокард инфаркті; *инсульт; *бүйрек ауруына әкелуі мүмкін.

Қан қысымы ауруының алдын алуға болады. Қан қысымымен тіркеуде тұрғандар өздеріне тегін берілетін дәрі-дәрмек уақытында болмай қалса, сатып алмай, қолындағысын үнемдеуге тырысады. Сөйтіп қан қысымы қалыпты болып тұрғанда ішпейді. Соның салдарынан жіңішкерген қан тамырлары кез келген уақытта бірнеше рет өлшегенде 130/80-нен жоғары болса, гипертония деген сөз.

Қысымы ауруының алдын алу үшін бірден бір жолы – кешкі уақытта жарты сағат болсын жаяу жүріп, серуен құру. Күні бойы аяғына тыным жоқ адамдар көп жүрдік деп ойлайды. Ол дұрыс емес. Бірқалыпты жүріспен 500 метр болсын жаяу жүру денсаулыққа өте пайдалы. Ал кейбір адамдар қан қысымының жоғарылағанын сезбестен жүре береді. Бұл өте қауіпті. Өйткені үлкен қан қысымы жүрек қалқаншасын кеңейтіп жібереді. Тіпті тәнертен қан қысымы қалыпты болып, кешке ғана көтерілетін болса да емделу керек. Өйткені адам кез келген уақытта инсульт алуы мүмкін.

**Айсұлу АҚМЫРЗА,
№1 қалалық емханасының
жедел жәрдем бөлімі**

ШЫЛЫМ ШЕГУДІҢ ЗИЯНДЫЛЫҒЫ

Темекі тарту адам ағзасына аса зиян. Темекі адамның тек өкпесін, бауырын, тыныс алу жолдарын ғана емес, оның санасын да елауір улайды. Темекінің 18 жасқа толмаған балаларға сатуға тыйым салса да жас жеткіншектер арасында темекіге тәуелді болып жүргендері аз емес.

Жастар темекі секілді ұлы заттарға тез үйір болып, оған тәуелді болып қалады. Себебі бала жас кезінде кез келген нәрсеге қызығушылығы жоғары болады, ал ол жаман ортада болатын болса, темекі, алкоголь секілді заттарға оның әуестігі арта түседі. Жалпы темекі адам ағзасына түскен соғтан бастап, адамды оны үнемі қауап тұратын тәуелділік пайда болады. Бұл тәуелділік уақыт өте келе сабырсыздыққа, ашушаңдыққа жетелейді. Темекі шегудің теріс салдарға әкелетін себептері: 1.

Тіл мен ерін сілемейлі қабақтарын зақымдайды; 2. Құрғақ жөтелдің болуы; 3. Ауыз қуысынан жағымсыз иістің шығуы; 4. Ауыз қуысының инфекциясы; 5. Иіс сезу қабылетінің нашарлауы; 6. Бет, жүзді уақытынан бұрын әжім басуы; 7. Тістердің сарғаюы; 8. Қалыпты тыныс алуын бұзылуы; 9. Түрлі ауруларға ағзаның қарсы тұру қабылетінің төмендеуі.

Сондай-ақ темекіге үйір адамның, ішкілікке, нашакорлыққа да тез бауыр басып қалуы да ғажап емес. Темекі тартқан адамның

ішкі ағзалары ірі бастайды екен. Ал темекіні мүлде көп тартатын адамдардың иммунитеттері төмендеп, туберкулез секілді жаман ауруға шалдығып жататын көрінеді. Темекі тартатын адам тек өзіне ғана емес қоршаған ортаға да, адамдарға да айтарлықтай зиянын тигізеді. Себебі темекіні тартқан адамнан онымен тыныстап тұрған адам көбірек зиян шегеді екен. Сондықтан ең әуелі өзгелердің ауасын да, өзіміз тандап алған лас ауамен ластамауға тырысайық. Темекі ешқашан да бақытқа, сау әлемге жетелген емес. Сондықтан мұндай жаман әдеттерден бойымызды аулақ ұстауық. Оны тастау өз қолымызды!

**Мәлір ӘЛСЕЙТОВА,
№1 қалалық емханасының
аймақтық мейіргер**

КІТАП – РУХАНИ ҚАЗЫНА

Кітап – шөлдегенге су, іздегенге жан азығы. Кітап – рухани байлық. Адам ойының жетілуіне, өзіндік септігін тигізетін бірден-бір құрал несі де осы кітап. Білімнің бар байлық көзі де осында деп айтсақ қателеспейтіміз анық.

Кітап бетін ашып, жадмызды нұрландырып, көкірек көзін бар білімге арнау кітаптан бастау алады. Кітап оқыған адамның бойында парасат пен ақыл бірдей дарып, айналаға түрліше көзқарасын, түрліше оймен сондай-ақ үлкен бір сезіммен қарайтын сөзсіз. Себебі, кітап – адамның ой өрісін қалыптастырады. Кітап оқу ойлау қабылетіміздің жақсаруына, арман-қиялдың дамуына, өзіндік қорымдылығы байытуға өзіндік бірден-бір нықталым тигізеді. Бүгінгі осынау ғасырда кітаптың түрлері де көптің қасы. Соның ішінде, енді ғана жаңа өмірге аяқ басқан бүлдіршіндерімізге қызықты, оқылуы жеңіл кітаптарды ұсынаық,

сол жас буын өмірге төселіп ересек болған шағында көлемі ауқымды көркем шығармаларды оқу қиындық тудырмайды. Сол үшін бар білім кітапта деп айта аламыз.

Кітап оқудан қалған жас ұрпақ надан, көрсөкір мәнғүрт бір ауқымды елге айналады. Ал егер де бұл ауқымды елге айналатын болсақ, ой ойлаудан, айналымдығы болып жатырған түрлі құбылыстарды болжап, баулап тіпті тұжырымдай алуға ашапқанып, адамгершілік қасиетімізден айырыламыз. Сонда біз осындай дәрежеге түсетін болсақ, хайуаннан айырмашылығымыз қандай?

Ғабит Мүсірепов ағамыздың: «Кітап дегеніміз – алдыңғы

ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылақ, ой ойлаудан да тыйылар едік» – деуі осыдан шығады. Мейлің, кітапты оқыдық делік, дегенмен сол оқыған кітабымызды өзімізше қорытып, тұжырым жасап, зертеп, зерделеп, ондағы айтқысы келген ойды талдап түсіну, кейін сол қасиеттерді өмірде пайдалана білу ескінің бірінші қолынан келе бермейтін ең үлкен асыл қасиет деп білемін. Сол үшін кітап – адамзат болмысының айнасы.

Құрметті білімге қанықтар адамзат баласы, сіз бен бізді тәрбиелікке үйрететін, ғылымның бастауы болған кітапты оқып көкірек көзімізді ашайық!

**Айнұр ЖАЛҒАСБАЕВА,
Қызылорда облысы Қазылы
ауданы Әйтеке би кенті
Е.Бөзұлов атындағы
№249 мектеп-лицей
кітапханашысы**

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАСПАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН КУРСТАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық білім беру жүйесінің үздік үрдісін сақтай отырып, әрдайым жақсау жолында болу керектігін үнемі атап өтуде. Еліміздің жетекші университеті әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заманауи білім беру жүйесін дамыту бойынша үздіксіз қызмет атқарып келе жатыр.

Оған бір дәлел университет OpenEdx ашық платформасында Жаппай ашық онлайн курстарды (МООС) енгізу бойынша қазақстандық жоғары оқу орнылары арасында көшбасшы Жаппай ашық онлайн курстарды әзірлеу жұмыстарын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қашықтанғы Білім беру орталығы 2014-2015 оқу жылынан бастады. ҚазҰУ-дың білікті Профессорлық-оқытушылық құрамымен бірге ЖАОК әзірлеу бойынша жұмыстар кәсіргі кезде <http://open.kaznu.kz> интернет-мекен-жайы бойынша өзінше жеке ЖАОК платформасы Open edX жүйесі негізінде жұмыс істеп келе жатыр. Осы аталған платформаға ҚазҰУ-дың Ақпараттық технологиялар факультеті, Ақпараттық жүйелер кафедрасының Профессорлық-оқытушылық құрамы да үлкен үлестерін қосуда.

Атап айтсақ, ағымдағы жылда жарық көрген «# тілінде программалау» және «Программалау кіріспе» атты ІІ Программалауға кіріспе» атты ІІ саласындағы ең маңызды саналатын тақырыптағы курстарды кафедра оқытушылары құрастырып, курс тыңдармандарының программалау

туралы білім негізін қалыптастыруға үлкен үлесін қосып келе жатыр. «# тілінде программалау» атты курс жалпы # программалау тілін үйренгісі келетін кез келген жастағы білім алушыларға арналған. Курс презентация түріндегі – бейнедәрістерден, есептер түріндегі – тапсырмалардан және жауап нұсқалары көрсетілген тәсілдерден тұрады. Курстың мақсаты кәсіргі заманғы ақпараттық технологиялар негізінде есептерді шығару әдістері мен тәсілдерін құруға арналған алгоритмдерді, мәліметтер құрылымдарын және операторларды пайдалану арқылы программаларды құру қандаларын және оларды компьютерде жүзеге асыруға арналған әдістер мен тәсілдерді тұжырымдау қабылетін қалыптастыру болып табылады. Ал «Программалауға кіріспе» курсы Ақпараттық технологиялар негізінде программаларды құрастыру үшін алгоритмдер түрлерін талдау амалы арқылы операторлар, мәліметтер құрылым және программалау туралы білім негізін қалыптастырады. А т а л м ы ш к у р с т а р д ы авторлары: Ақпараттық жүйелер

кафедрасының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Мусиралиева Шынар Жәнісбекқызы, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Бөрібаев Бақыт Бөрібайұлы және аға оқытушы Құрметқан Тұрдыбек, оқытушылар Жумаханова Айгерім және Сағиная Мәлідр. Аталған курс бағдарламаларының артықшылықтары тыңдарман үшін тегін және кез келген уақытта, кез келген географиялық ортада онлайн түрде кол жетімді. Әр курсты аяқтаған соң шекті балдан төмен емес тапсырмаларды орындап, сертификат алуға да мүмкіндіктері бар. Кішігірлі статистикаға көз жүгіртсек, он бестен аса бағыттағы ҚазҰУ-дың ЖАОК платформасында 70-тен аса курстар бар және осы уақытқа дейін 48 мыңнан аса тыңдаушылар тіркелген. Осы платформа ашық онлайн кешен негізінде тыңдаушыларға қосымша білім беруге, біліктіліктерін теориямен қатар тәжірибелік жұмыстар арқылы да арттыруға таптырмас мүмкіндік береді.

**Ш.Ж.МУСИРАЛIEBA,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ, Ақпараттық
технологиялар факультеті,
Ақпараттық жүйелер
кафедрасының меңгерушісі
ф.-м.ғ.к., доцент,
А.Е.ИБРАНИМУСІЛОВ,
Ақпараттық жүйелер
кафедрасының
оқытушысы, т.ғ.м.,**

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор
Егиншібаева Анар
Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов**

**Бас редактор
Сыдықова
Жанар
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ**

**Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір ай